

Республика күні – ұлттық мереке!

Айыртау аудандық газеті

АЙЫРТАУ

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

БЕЙСЕНБІ, 19 қазан 2023 жыл

№ 43 (1327)

Сайт: <http://az.ivist.kz>

Эл. пошта: airtau_tany@mail.ru

ТАҢЦЫ



Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! 1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы ретінде біздің еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Нақ осы күні еліміздің берік іргетасы қаланып, онда біз қазір теңқұқылық пен бір-біріне сыйластық ахуалы қалыптасқан өзіміздің еркін қоғамымызды құрып жатырмыз. Осынау тарихи құжатта анықталған, негіз болатын қағида-тәртіптер мен идеялар бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Декларация республикамыздың егемендігін жария етті және тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның саяси-құқықтық негіздерін ресми түрде мәлімдеді. Онда тұңғыш рет елдің тұтастығы, аумақтың тұтастығы, мәдениет пен тілдерді дамыту, ұлттың өзіндік ерекшелігін нығайту сияқты мемлекеттіктің принциптері бекітілді. Осыдан отыз екі жыл бұрын Қазақстан халқы дербес даму мен келешек ұрпағының жарқын болашағы туралы ата-бабаларының егжей-сегжей армандарын жүзеге асырып, тәуелсіз мемлекет құру жолын таңдап алды. Президент жария еткен ауқымды саяси реформаларды, азаматтардың жақсы тұрмыс деңгейін арттыру мен өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі қабылданып жатқан барлық батыл қадамдарды бүкіл қазақстандықтар қолдайды. Осы жарқын мереке сіздердің жүректеріңізді бірлік пен жасампаздыққа ұмтылыс сезіміне бөлесін. Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, бейбітшілік, келісім, біздің ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі жолында жаңа жетістіктер тілеймін!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Құрметті айыртаулықтар!

Сіздерді мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының күнімен құттықтаймын! 1990 жылы осы тарихи күннің маңыздылығы әділеттілік пен әлеуметтік-саяси тұрақтылық қағида-тәртібіне негізделген елдің тәуелсіз даму жолын таңдауды қамтиды. Тарихтың күрделі кезеңдерін бастан өткерген Қазақстан халқы бірліктің арқасында мемлекет тәуелсіздігінің мүдделері мен құндылықтарын қорғап, мемлекеттіліктің негіздерін нығайта алды. Бүгінде Қазақстан экономиканы табысты дамытуды, азаматтардың әл-ауқатын арттыру бойынша реформалар жүргізуді жалғастыруда. Қазіргі геосаяси жағдайда ел алдында тұраған мәселелерді шешу үшін біздің мемлекетіміз сыртқы саясатта тең құқықты қатынастар құруға ұмтылады. Біздің әрқайсымыз үшін бейбітшілік, тұрақтылық және қоғамдағы келісім мызғымас болып қала бермек. Сүйікті Отанымыз – Қазақстан Республикасының жетістіктерін мақтан тұтамыз және бұл мерекені бірлесіп, патриотизм сезіммен атап өтеміз. Сіздерге, қымбатты жерлестер, зор денсаулық, отбасылық амандық, барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін.

Ерболат БЕКШЕНОВ,
Айыртау ауданының әкімі

Мәселелер кешенді түрде шешілуде

13 қазан күні облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов жұмыс сапарымен ауданымызға келді. Облыс әкімі «ShalkarGrain» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қырманын, Шалқар ауылында салынып жатқан тарату желілері бар жергілікті сумен жабдықтау көзінде, Лобаново ауылында дәрігерлік амбулаториясын, «Зейнеп» жоғарғы көпсалалы колледжінде, «Тезис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен темір жол станциясы ауданындағы салынған қазандықты аралады. Алдымен Шалқар ауылындағы салынып жатқан тарату

желілері бар жергілікті сумен жабдықтау құрылысының жұмысын бақылады. Құрылыс жұмысының мердігері «УниверсалСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 2023 жылы бастап, 2024 жылы құрылыс жұмыстарын толығымен аяқтау жоспарланған. Су көзінің ұзындығы 27,5 шақырымды құрайды. Құрылыс жұмысына толығымен 674,9 млн теңге қаражат бөлінген. Бұдан кейін Ғауез Торсанұлы Лобаново ауылындағы дәрігерлік амбулаториясының құрылысын аралады. Лобаново ауылында дәрігерлік амбулатория ғимараты болмаған. Есептік кездесу барысында ауыл тұрғындарының



өтініш білдіруімен аудан әкімі Ерболат Мұратұлы 2023 жылдың жаз айында бюджеттен ақша қарастырып, амбулаториясының құрылыс басталған. 432,44 шаршы метрді құрайтын ғимараттың құрылысы қарқынды жүруде. Мамыр айында басталған жұмыс, жоспар бойынша желтоқсан айында аяқталуы тиіс. Қалған екі айдың ішінде жұмыс толығымен бітеді деп отыр құрылысқа жауапты Алтай Әлібаев. «ПМК-5» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салып жатқан жұмысқа бюджет есебінен 286 млн теңге бөлінген. Жаңа медициналық мекеме биыл ауыл тұрғындарына қызмет көрсете бастайды.

Жалғасы 4-бетте.